

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 55-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 600 -қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған  
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Жаратылыстану»  
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - табиғат құбылыстары мен олардың түрлілігін, күрделілігін және өзара байланысын тану процесі барысында білім алушылардың зерттеу, ойлану іс әрекеттерінің негіздерін қалыптастыру болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) қоршаған әлем, табиғат болмыстары мен құбылыстары, негізгі табиғи процестерінің себептері мен салдары, жаратылыстану ғылыми білімдерінің маңыздылығы туралы негізгі білім және түсініктерді қалыптастыру;

2) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру, бұқаралық ақпараттық құралдары, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану-ғылыми және өмірлік маңызды ақпаратты қабылдау біліктіліктерін үйрету;

3) ғылыми зерттеу іс-әрекетінің негіздері ретінде мәселені анықтау; болжамын жасау; сұрақтарды құрылымдау; зерттеу жоспарын құру, бақылау; эксперименттер жүргізу; зерттеу нәтижелерін сипаттау мен бағалау; пайымдамаларды айту мен қорытындыларды жасау сияқты қабілеттерінің дамуына ықпал ету;

4) картамен, компаспен жұмыс істеу және күнделікті өмірде жаратылыстану-ғылыми білім мен біліктіліктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

5) жаратылыстану ғылымдары бағытында маңызды жетістіктердің қолданбалы мағынасын қолжетімді деңгейде түсіндіру қабілетін қалыптастыру.

4. Түзете – дамыту міндеттері:

1) жаңа сөздердің мағыналарын нақтылау мен кеңейту және оларды балалардың сөйлеу тіліне ендіру;

2) ауызша сөйлеу тілінің дикциялық нақтылығы мен түсіктілігін жетілдіру;

3) сөйлеу тілінің оппозициялық дыбыстарын айту мен оларды естіп ажыратуға қабілеттерін дамыту; көп құрамды сөздерді айтуын бекіту;

4) сабақтың әр кезеңінде сөйлеу фразаларды құрастыру алгоритмін қолдана алу қабілетіне үйрету; интонация, эпитет, антонимдер, салыстыру мен метафора сияқты мәнерлілік құралдарын қолдана отырып, берілген жоспар бойынша байланыстыру дағдыларын қалыптастыру;

5) жүйелі пәндік (метакогнитивті) қабілеттерін дамыту: табиғат құбылыстары және қоғам өмірі, табиғат құбылыстарын бақылау туралы ақпараттар материалдар негізінде - талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, жалпылау, категориялау, топтастыру.

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Жаратылыстану» пәнін оқыту процесі күтілетін нәтижелерге негізделеді, олар танымның әрекеттік аспектісін сипаттап, келесі деңгейлер бойынша құрастырылады: «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

6. Білім алушыларды оқытуда арнайы тәсілдерді қолдану сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің дамымауына байланысты:

1) сөздердің дыбыстық – буындық құрылымының бұрмалануына;

2) сөздік қорының кедей болуына;

3) сөздерді алмастырудың түрлілігінің болуына;

4) сөйлеу тілін синтаксистік безендірудің кедейлігі мен стереотиптілігіне;

5) басым жағдайда жай сөйлемдерді қолдануына;

6) байланыстырып сөйлеу тілі дамуының айтарлықтай артта қалуына;

7) вербальды емес және паравербальды құралдарды орынсыз қолдануы мен жеткіліксіздігіне.

7. Оқыту сөйлеу тілдік онтогенезін есепке ала отырып қолданылатын тұлғалық-бейімдеушілік, кешенеді, жүйелілік, әрекеттік, коммуникативті, саралап оқыту тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

8. Тұлғаға-бағдарланған тәсілдің мақсаты әр білім алушының ерекше білім алу қажеттілігін қанағаттандыру болып келеді: тұлғасын үйлесімді қалыптастыру мен жан-жақты дамыту, оның сөйлеу тілінің, психикалық және дене дамуы, жеке дамуы, бейімділіктері мен әрекет мотивтерінің

ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның шығармашылық күштерін толыққанды ашу.

9. Кешенді тәсіл түрлі мамандардың қажетті көмек көрсетуі мен қолдауын болжайды: тұтықпасы, дизартрисы бар білім алушылармен жұмыс жасайтын дәрігер-невропатолог; ринолалиясы бар білім алушылармен жұмыс жасайтын пластикалық хирург, және дәрігер –отоларинголог, фониатр маманы, сенсорлы алалиясы бар және кохлеарлы имплантацияланған білім алушылармен жұмыс жасайтын сурдолог маманы; сөйлеу тілінің барлық паталогияларында жұмыс жасайтын психолог, логопед мамандары.

10. Жүйелілік тәсілдің негізгі мағынасы өзіндік компоненттер сабақ барысында жеке-жеке түрде емес, өзара байланысында, дамуы мен қозғалысында қарастырылады.

11. Іс-әрекетік тәсілдің мәні - білім алушы білімді дайын күйінде алмай, өзінің белсенді тұрғыдағы танымдық іс-ірекеті барысында меңгереді, бұл дегеніміз жалпы оқу және заттық терминологиялық сөздіктерді хабарлау, қайта өңдеу және сөйлеу тілін нақтылау арқылы жүргізілетін бақылау, эксперимент жасау, түрлі ақпарат көздерін, графикалық деректерді және басқа да оқулық ресурстарды өз бетінше іздеу, интерпретациялау, сараптамалау, қорыту және бағалау болып табылады;

12. Білім алушыларға қатысты тәсілді қолдана отырып оқытуды ұйымдастыруда мұғалім білуі тиіс:

1) білім алушылардың сөйлеу тілінің және жалпы дамуының ерекшеліктерін, сөйлеу тілін түрлі дәрежеде меңгеруін (әсіресе 1 сыныпта);

2) сөйлеу тілді өзіндік дамытуға бағытталған өзара оқыту мен өзара ықпал ету элементтерін қолдану;

3) жаңа материалды баланың жеке тәжірибесімен байланысты қолдану;

4) тапсырма нұсқаулықтың, тірек материалдарының тек күрделілік деңгейін өзгерте отырып, тапсырмалардың жалпы түрлерін қолдану;

5) жеке көмек көрсету түрлерін біртіндеп өзгерту: ұйымдастырушылықты бағыттаушылыққа және одан кейін – эмоционалдылыққа;

6) балаларды қате жіберіп қоюдан қорықпай, өз ойын айтуын, мәселелерді қою мен шешуге деген қалауын білдіруін қолдау;

7) әр білім алушының, әсіресе ұялшақ және тұйық балалардың жауабын назардан тыс қалдырмау;

8) әр баланы мадақтауға мүмкіндігін табуға (тек нәтижесі үшін ғана емес, сабақ процесіндегі тіпті кішкентай әрекеті үшін), білім алушылардың пайымдауларына жағымды баға біруге тырысу.

13. Коммуникативтік тәсіл сабақ барысында шынайы қарым-қатынас жағдаятын қолдануды, белсенді шығармашылық әрекетін ұйымдастыруды, жұмыстың ұжымдық формасын қолдануды, нәтижелі коммуникация процесіне балаларды қосуды қарастыратын сабақтың шығармашылық және мәселелік жағдаяттарына назар аударуды болжайды.

14. Әр сабақ оқытудың мақсатын және оларға жетудің критерийлерін айтудан/көрсетуден басталады.

15. Мұғалім қарапайым зерттеу жүргізу барысында балалардың сыни тұрғысынан ойлауын дамытуды, ғылыми ақпаратты қабылдауы мен түсіндіре алуын арнайы жоспарлағаны жөн.

16. Сабақ барысында білім алушылардың сыни тұрғысынан ойлауын дамытудың негізіне базалық дидактикалық циклі қойылды, ол үш кезенді қамтиды:

1) «шақыру», берілген тақырып бойынша балада бар білімдерді өзектендіру мен жалпылау арқылы зерттеу тақырыбына деген қызығушылығын ояту. Осы кезеңде «болжау», «идея себеті», «дұрыс және бұрыс пайымдар», «білемін – білдім - білгім келеді» сияқты тәсілдер мен әдістер қолданылады;

2) «түсіну», жаңа ақпаратты алу, оны түсіну мен қолда бар білімдерімен сәйкестендіру мақсатында білім алушыларда тікелей мақсатқа бағытталған, мағыналы жұмыс жүреді. Осы кезеңде «логикалық шынжыр», «сұрақтары бар кубик», «жуан және жіңішке сұрақтар», «ішкі хат» мнемокестесі, моделдеу сияқты әдістер мен тәсілдер қолданылады;

3) «рефлексия», алынған ақпаратты жалпылау, ой елегінен өткізу, білім алушылардың өткізілген зерттеу жұмысына жеке қатынасын қалыптастыру жұмыстары мұғалімнің басшылығымен ұйымдастырылады. Осы кезеңде «Венн диаграммасы» («Салыстыру шеңбері»), «Кластерлер» («Бұтақтар»), «Ойлаудың алты қалпағы», интеллектуальды карталар сияқты әдістер мен тәсілдер қолданылады.

17. Оқу жобасы – білім алушылардың топпен немесе жұппен бірігіп жасалатын, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған, ортақ мақсаты, келісілген жұмыс әдістері мен амалдары бар оқу-таным іс-әрекеті, мұнда дегенімен білім алушылар өз алдына мәселе қойып, оның шешімін табу жолын өз бетінше қарастырады. «Жаратылыстану» пәнін оқу барысында білім алушылардың жобалық әрекетіне қойылатын талаптар:

1) белгілі күндері мен уақытта жүйелі түрде баланың кеңесшімен жеке контактісін жүзеге асыру;

2) мұғалім «тең қызығушылық» қағидасы негізінде балалардың зерттеушілік тобына «енеді»;

3) жаңа білімдерді алуға ынталандыратын шағын жоба қарастырылады;

4) жобаның маңызды нәтижесі, қоғамдық тұрғыда мойындауы бар болады.

18. Оқу жобаларын координациялау икемді болып, сөйлеу тілі дамымаған балалардың жас ерекшелік және психологиялық ерекшеліктерін есепке алуға бейімделеді, педагог білім алушылардың іс-әрекетіне жетекшілік етіп, білім алушылардың жобаны орындауға деген қызығушылығын ынталандырады, қолдайды, оларға ұйымдастырушылық, бағыттаушылық және эмоционалды көмек көрсетеді:

1) білім алушыларға өзекті және белгілі уақытта қолжетімді міндеттерді таңдауға көмектеседі;

2) жобаны іске асыру үшін идеяларды туғызуға ынталандырады;

3) есеп беруді құрастыруда, әдебиеттермен жұмыс жасауда көмектеседі;

4) уақытында сұрақтарды қоя отырып, сол арқылы зерттеу үшін қандай нысандар, құралдар мен әрекет тәсілдері қолданатындығын көрсетеді;

5) жобаның жоспар сызбанұсқасы балалардың қандай тапсырмаларын, ойындары мен әрекет түрлерін қамтитындығын жоспарлайды;

6) жобаның бөліктеріне сәйкес кімді тарту керектігін анықтайды.

19. Бағдарламада ақпараттық-коммуникативті технологияларды, мультимедиялық ресурстарды әрекеттің келесі формаларында қолдану болжанған:

1) Ғаламтор мен мәліметтер базасында ақпараттарды іздеу;

2) Ғаламторды табу, сандық және ғаламтор көздерінен мәліметтерді таңдау мен өңдеу, олардың нақтылығы, сенімділігі мен маңыздылығы туралы пайымдау;

3) гиперсілтеме, электронды кестелер мен графикалық қосымшаларды қолдана отырып, мәліметтер базасын алу мен жүйелендіру;

4) «Аяталған жұмыстың мультимедиялық презентациясы» ақпараттық туындыны жасау;

5) электрондық байланысқа, онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы, басқа білім алушылармен және мұғалімдермен және педагогтардың жетекшілігімен әртүрлі байланыс арнасы бойынша ынтымақтастықта болып қарым-қатынас жасау және ақпаратпен алмасу;

20. Оқыту барысында техникалық мультимедиялық аппараттық құралдары мен дидактикалық құралдары белсенді қолданылады:

1) «Мультимедиялық интербелсенді үйретуші программалық-әдістемелік кешен» электронды ресурсын интербелсенді панельмен және үшөлшемді аксессуарымен;

2) Дыбыстық белгіні көріп қабылдауға негізделген «Логопедиялық тренажер»;

3) «Сөйлеу тілі коммуникациясын меңгеру мен дамытуға арналған сөйлеу тілдік жаттықтырушы» атты ассистивті құрылғысы.

21. Пәнді үйрету үшін биология, физика, химия кабинеттерінің ресурстарын пайдаланады.

### **3 - тарау. «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;

2) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;

3) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

- 4) 3-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 5) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

23. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Мен - зерттеушімін» бөлімі;
- 2) «Тірі табиғат» бөлімі;
- 3) «Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі;
- 4) «Жер және Ғарыш» бөлімі;
- 5) «Табиғат физикасы» бөлімі.

24. «Мен - зерттеушімін» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ғылым мен зерттеушілердің рөлі;
- 2) табиғатты тану әдістері.

25. «Тірі табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) өсімдіктер;
- 2) жануарлар;
- 3) адам.

26. «Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттардың типтері;
- 2) ауа;
- 3) су;
- 4) табиғат ресурстары.

27. «Жер және Ғарыш» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жер;
- 2) ғарыш;
- 3) кеңістік және уақыт.

28. «Табиғат физикасы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) күш және қозғалыс;
- 2) жарық;
- 3) дыбыс;
- 4) жылу;
- 5) электр;
- 6) магнетизм.

29. 0-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен – зерттеушімін»: экскурсия деген не. Қоршаған әлемді бақылап уйренудемін;

2) «Тірі табиғат»: күзде, жазда, қыста, көктемде өсімдіктер өміріндегі өзгерістер. Өсімдіктердің негізгі топтары (ағаш, бұтақ, шөп). Бөлме өсімдіктері және оларға күтім жасау. Жазда, күзде, қыста, көктемде жабайы жануарлардың өміріндегі өзгерістер. Үй жануарларының түрлері. Жәндіктердің өмірі. Үй жануарларының түрлері. Үй жануарлары мен олардың төлдері. Адамға үй жануарлары не үшін қажет. Адамның дене мүшелері. Мектеп білім алушысының гигиенасы (дене, шаш, тіс күтімі). Дұрыс тамақтану. Білім алушының күн тәртібі;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: заттар қандай болады. Табиғат адамға не береді (тамақ, киім, қан). Адамның ауаны және суды күтуі (қорғау, ластамау). Су қоймасындағы әрекет ережесі;

4) «Жер және Ғарыш»: Жердің формасы. Ғарыш туралы алғашқы білімдері. Жыл мезгілдері (күз, қыс, көктем, жаз). Жылдар мен айлар. Апта күндері. Тәуліктер (танертең, күндіз, кешке, түнде);

5) «Табиғат физикасы»: қозғалыс туралы бастапқы білімдері (жылдам, баяу; алыс және жақын), Жарық пен қараңғы. Тілдік және тілдік емес дыбыстар. Мезгілдік өзгерістерге байланысты қоршаған ортадағы күннің суытуы мен жылынуы. Электр құрылғылары не үшін жұмыс жасайды. Магниттік қасиеттері бар денелер.

30. 1-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен – зерттеушімін»: қоршаған әдемдегі құбылыстарды бақылау. табиғатты тану әдістері, бақылау кезеңдері, эксперимент;

2) «Тірі табиғат»: тірі ағзалар, өсімдіктер және олардың түрлілігі. Ағаштар, бұтақтар, шөптер. Өсімдіктің негізгі бөліктері: тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі, дәні, ұрығы. Жабайы және мәдени өсімдіктер. Мәдени өсімдіктерге күтім жасау (суару, тыңайтқыш, топыраққа күтім жасау). Өсімдіктердің өмір сүруі үшін жағдайлар (су, жарық, жылу, қоректену заттары). Жабайы және үй жануарлары. Үй жануарларына күтім жасау. Үй жануарларының пайдасы. Жануарлардың жыл мезгілерінің ауысуына бейімделуі: ұшып кетуі, қысқа қорегін жинауы, ұйқыға кетуі. Адамның дене мүшелері. Адамның өмір сүру кезеңдері. Тамақтану, демалу;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: шынайы (табиғи) заттар. Судың қасиеттері (сұйық, қатты, газ). Ауаның қасиеттері (түссіз, көрінбейтін, дәмсіз, иіссіз, формасы жоқ, таза). Адам табиғат күшін қалай пайдаланады (судың ағуы, жел күштері);

4) «Жер және Ғарыш»: глобус – Жердің моделі. Ғарыштық денелері, астрономия. Зымырандар. Телескоптар. Уақытты өлшеу құралдары. Сағаттар. Күнтізбе;

5) «Табиғат физикасы»: табиғаттағы қозғалыс. Адамдардың қозғалысы. Қозғалыстар траекториясы. Қозғалыс траекториясының сурет түрінде бейнеленуі. Жарық. Дыбыс және оның таралу ерекшеліктері. Дыбыстың шынайы және жасанды көздері. Жылуды алу құрылғылары. Күнделікті өмірдегі электр қуаты. Магниттердің қасиеттері. Магниттік қасиеттерге ие заттар.

31. 2-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен зерттеушімін»: қоршаған орта. Құбылыстар, процестер, нысандар. Зерттеушінің тұлғалық қасиеттері. Бақылау ғылыми танымның әдісі ретінде. Бақылаудың белгілері: мақсаты, нысаны, жоспары, мерзімі, нәтижесі. Шартты белгілердің көмегімен бақылау нәтижелерін тіркеу. Бақылауды жүргізу жоспары. Қорытындыларды құрылымдау. Эксперименттің белгілері: мақсаты, болжамы, ресурстар, жоспары, мерзімі, нәтижесі, экспериментті өткізу мен кестеде нәтижелерін тіркеу. Ақпарат көздері;

2) «Тірі табиғат»: өсімдіктердің өсі жағдайлары. Өсімдіктердегі мезгілдік өзгерістер. Өсімдіктердің негізгі бөліктерінің қызметтері. Өсімдік топтарының өсу ортасы мен бейімделу тәсілдері. Өсімдіктердің топтары (өз аймағындағы өсімдіктерді мысалға алу негізінде). Топырақты күту. Өсімдіктерге ұқыпты қарым қатынас жасау. Жануарлар тобы: жәндіктер, балықтар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, құстар мен сүтқоректілер. Жануарлардың тіршілік ортасына бейімделуі. Жануарлардың көбеюі. Жұмыртқа салатын және тірі төлдейтін жануарлар. Жануарларды қорғау. Қанқа функциясы мен дене бұлшықеті. Қозғалыс кезінде бұлшықеттің жиырылудағы ролі. Дұрыс келбет. Тістер және олардың күтімі. Жеке гигиена мен денсаулықты сақтаудағы оның ролі;

3) «Заттар мен олардың қасиеттері»: табиғи және жасанды заттар. Адам, өсімдіктер, жануарлар үшін ауаның маңыздылығы. Ауаның қасиеті (түсі, иісі). Ауаның агрегатты күйі. Жылу өткізгіштік. Ауаның кеңістікті толтырудағы маңыздылығы. Су және оның физикалық қасиеті. Судың агрегатты күйі. Су және оның физикалық қасиеті. Судың агрегатты күйі: қатты, сұйық, газ тәрізді. Судың табиғи көздері. Табиғат ресурстары мен олардың қызметі. Табиғи ресурстарды олардың шығуына байланысты жіктеу;

4) «Жер және Ғарыш»: Жер ғаламшары үшін Күннің ролі. Жердің табиғи жер серігі – Ай. Күн жүйесі ғаламшары (планетасы) және орналасуы мен сипаттамасы. Жер ғаламшарының топтары. Алып планеталар. Уақытты өлшеу бірліктері: жыл, ай, апта, тәулік, сағат, минут. Ғарыштағы қашықтық пен уақыт ерекшелігі;

5) «Табиғат физикасы»: түрлі жылдамдықтағы денелердің қозғалысы. Жылдамдықтың сипаттамалары: тез, баяу. Қозғалысты тударатын күштер: тартылу мен итеру. Денелердің массалары. Дене массаларының анықтамасы. Материалдардың жарықты өткізе алу қабілеті (мөлдір, жартылай мөлдір, мөлдір емес заттар). Жоғары және төмен дыбыс көздері. Температура. Температураны өлшеу. Термометрлер. Температураны өлшеу бірлігі – градус. Магниттерді қолдану сферасы. Қауіпті электр қуаты.

32. 3 - сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен – зерттеушімін»: ғылыми ашылулар мен олардың күнделікті өмірге әсері. Ақпарат көздерінің түрлері. Ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Экспериментті жоспарлау мен жүргізу. Диаграмма түрінде эксперимент нәтижелерін тіркеу. Қорытындыларды құрылымдау;

2) «Тірі табиғат»: Фотосинтез процесі туралы алғашқы түсініктер. Өсімдіктердің бейімделуі. Жылуды сүйетін, суыққа төзімді, көлеңке сүйетін, жарық сүйетін, құрғаққа төзімді, ылғал сүйетін өсімдіктер. Тірі және өлі табиғаттың бірлігі – табиғат бірлестіктері. Өз аймағының табиғи бірлестігі. Адам іс-әрекетінің өсімдіктердің көптүрлілігіне ықпалы. Өсімдіктердің адам өмірі мен табиғаттағы ролі (өз аймағындағы өсімдіктерді мысалға алу негізінде). Қызыл кітаптың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы маңыздылығы. Омыртқалы және омыртқасыз



жануарлар. Жануарлардың өзара қарым-типтері. Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы. Тіршілік ортасының өзгеріне байланысты жануарлардың санының өзгеруі (құрғақшылық, су тасқыны, батпақтану). Жануарлардың санының азаюына әкелетін адамның іс- әрекеті (суды ағызу, орманды кесу, аң аулау). Адамның ішкі мүшелері. Ас қорыту жүйесі, оның адам өміріндегі ролі. Тыныс алу жүйесі және оның мүшелері. Адам ағзасындағы тыныс алудың ролі. Қанайналым жүйесі және оның адам ағзасындағы ролі. Жүрек. Тамыр соғысы. Адам ағзасын аурулар мен инфекциялардан қорғау. Иммунитетті нығайту;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: заттар мен денелер. Заттарды пайда болуына байланысты жіктеу. Заттарды агрегаттық күй бойынша жіктеу (қатты, сұйық, газ тәрізді). Ауа және оның құрамы (көмірқышқылы газы, ауа, азот). Тірі ағзалар мен өлі табиғаттағы су. Судың негізгі табиғи көздері. Мұхиттар, теңіздер, көлер, өзендер. Тұзды және тұщы су. Табиғи жер асты сулары. Ауыз суын ұқыптылықпен қолдану. Суды фильтр көмегімен тазалау тәсілдері. Өмірде судың маңыздылығы. Топырақ. Топырақтың құрамы (күм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа). Топырақ түрлері. Топырақтың қасиеттері. Тұқымдық. Кей ағзалардың өміріндегі топырақтың ролі. Топырақтарды қорғау;

4) «Жер және Ғарыш»: Жер сфералары туралы алғашқы түсініктер (литосфера, гидросфера, атмосфера, биосфера). Жер сферасының графикалық бейнесі. Ғарышты игерудегі айтулы оқиғалар. алғашқы жасанды Жер серігін қосу. Алғашқы адамның ғарышқа ұшуы. Адамның Айға қонуы. Адамзат дамуындағы ғарыштың маңыздылығы. ғарышты меңгерудегі Қазақстан. Байқоңыр айлағы. Жердің өз осынен айналуы. Күн мен түннің ауысуы;

5) «Табиғат физикасы»: серпінділік күші. Серпінділік күші. Серпінді және икемді заттар. Ауырлық күші. Табиғаттағы ауырлық күші. Үйкеліс күші. Табиғаттағы үйкеліс күші. Әрекет күштерінің бағыттары. Көлеңке. Оның пайда болу себептері. Көлеңкенің ерекшеліктері. Заттардың жарықты шағылыстыру қабілеті. Дыбыс көзі мен қабылдағышы. Дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтықтан дыбыс қаттылығының тәуелділігі. Электрлік энергия. Электрэнергия көздері. Электрлік элементтердің тізбектері. Қарапайым электр тізбегінің қарапайым құрылымның сызбанұсқасы. Біздің айналамыздағы жылу. Түрлі металлдарды магниттеу.

33. 4 - сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен –зерттеушімін»: Өзінің жеке толғаныстары негізіндегі зерттеудің өзекті бағыттары. Зерттеу жұмысының әдісін таңдау. Бақылау мен эксперименттің артықшылықтары мен кемшіліктері. Білім алушылардың таңдаулары бойынша зерттеу нәтижелерін форма бойынша ұсыну;

2) «Тірі табиғат»: ас қорыту тізбегі. Өсімдіктер– қоректік тізбегінің өмір циклі. Өсімдіктердің өмір сүру циклі. Тозандандыру нәтижесінде ұрықтардың пайда болуы. Ұрықтардың таралу тәсілдері (өздігінен таралу, жел, су, жануарлар, адамдар арқылы таралуы). Жоғары және төмен сатылы өсімдіктер. Өсімдіктерді қорғау тәсілдері. Өз аймағындағы жануарлар. Жәндіктердің өмір

сүру циклі (жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ, ересек жәндік). Жануарлардың қоректену ерекшеліктері. Шөпқоректі және жыртқыш жануарлар. Симбитикалық қатынастар. Қоректік тізбектің құрылымы. Тіршілік ортасына байланысты қоректік тізбектердің моделі. жойылу шегінде тұрған жануарлар. Қазақстанның Қызыл кітабы. Қорықтар мен саябақтарды туындату себептері. Қазақстанның Ұлттық парктері мен қорықтары. Зәр шығару жүйесі және оның адам ағзасындағы рөлі. Жүйке жүйесі. Оның адам ағзасындағы рөлі;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: заттардың қасиеттері (қаттылығы, мөлдірлігі, серпімділігі). Заттарды олардың қасиеттеріне байланысты қолдану. Эксперимент жоспарына сәйкес жаңа заттарды алу. Адамның өмір сүру сферасындағы ауа. Ауаның ластануы. Ауаны ластаудың табиғи және жасанды көздері. Ауа тазалығын сақтау. Ауаны тазалаудың шаралары. Ауаның орын ауыстыруы. Желдің пайдасы мен зияны. Табиғаттағы су айналымы. Атмосфералық жауын-шашынның пайда болуы. Суды ластаудың көздері (тұрмыстық, өндірістік, ауылшаруашылық). Түрлі ағзалар үшін суды ластаудың салдары. Суда түрлі заттардың ерігіштігі. Пайдалы қазбалар (бор, тұз, әктас, саз, көмір, мұнай). Пайдалы қазбаларды пайдалану. Қазақстанның негізгі пайдалы қазба орындары. Пайдалы қазбаларды сақтау мен күтіп пайдалану;

4) «Жер мен Ғарыш»: жер бетінің ірі элементтері. Ғарыш денелері (астероидтар, кометалар, метеориттер, жұлдыздар, галактика). Ғарыштың Жердегі өмірге ықпалы. Орбита бойынша Жердің қозғалысы. Жыл мезгілдерінің ауысуы. Жыл мезгілдерінің сипаттамасы;

5) «Табиғат физикасы»: Архимед күші. Оның көрініс табуына мысал келтіру. Архимед күшін болжау. Архимед күшінің судағы заттарға әсері. көлеңкенің бөгет өлшеміне және жарық көзінен бөгетке дейінгі қашықтыққа тәуелділігі. Жарықтың қасиеттері. Шағылысу. Жұтылу. Бөгеттердің дыбыстың таралуы мен қаттылығына ықпалы. Түрлі материалдардың жылу өткізгіштігі. Түрлі материалдардың электр өткізгіштігі. Металлдардың түрлері мен магниттік қасиеттері.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

34. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгіден тұрады. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 «1» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының реттік саны.

35. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Мен – зерттеушімін» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
------------	------------------

	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	0.1.1.1 2 мин және одан аса уақыт бойы қоршаған орта нысандарын бақылау	1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процесстері мен нысандарын зерттеу қажеттілігін түсіну	2.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процесстері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайлар мен тұлғалық қасиеттерді анықтау	3.1.1.1 өте маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу және ақпараттың дұрыс көздерін таңдауға бейімделу	4.1.1.1 өз толғаныстары негізінде зерттеулердің өзекті бағыттарын анықтау
1.2 Табиғатты тану әдістері	0.1.2.1 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегімен табиғатты бақылау арқылы қоршаған әлем құбылыстарын тану	1.1.2.1 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегімен қоршаған әлем құбылыстарын бақылау мен эксперимент жүргізу	2.1.2.1 «ақпарат көздері» және оның зерттеулер (бақылау мен эксперимент) жүргізу үшін маңыздылығын түсіндіру, бақылаудың (мақсаты, нысаны, жоспары, мерзімі, нәтижесі) және эксперименттің (мақсаты, болжамы,	3.1.2.1 зерттеу жүргізу барысында (бақылау және эксперимент) ақпарат көздерінің түрлерін анықтау және ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру;

			ресурстары, жоспары, мерзімі, нәтижесі) басты белгілерін анықтау		
0.1.2.2 сюжеттік және заттық суретке сүйене отырып, немесе сюжеттік суреттер сериясы немесе білім алушы бақылау барысында салған суреттерді ң көмегімен көргеніне сипаттама құру	1.1.2.2 көрсетілге н экспериме нтті түсіндіру	2.1.2.2 эксперимен т жүргізіп, оның нәтижелері н кестеге тіркеу; жоспар құрып, құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды ларын құрылымда у мен бақылау нәтижелері н шартты белгілердің көмегімен тіркеу	3.1.2.2 эксперимен тті жоспарлау мен жүргізу, құрылған жоспарға сәйкес нәтижелері н диаграмма түрінде тіркеу	4.1.2.2 зерттеу барысында нақты және абстрактілі мағынадағы меңгерілген терминдерді белсенді қолдану	
0.1.2.3 экскурция кезінде бағытталға н сөйлеу тілін түсіну мен тыңдай білу қабілеті	1.1.2.3 бақылау мен экспериме нтті жүргізу барысында бағытталға н сөйлеу тілінің түрлі	2.1.2.3 сөздік және көрнекілік әдіске сүйене отырып, жасылынға н жұмыс туралы әңгіме құру мен	3.1.2.3 сипаттау және пайымдау арқылы қорытынды ны 2-3 сөйлеммен құрылымда у (жануарлар	4.1.2.3 жасалынған жұмыс нәтижесін өз бетінше түсіндіріп, алынған нәтижелері н білім алушының таңдауы	

		формаларын түсіну: (өтініш, нұсқаулық, тапсырмалар) және эксперимент жүргізу кезінде өз әрекеттерін сипатап айтуда мұғалімнің сұрақтарына толық және қысқа жауап беру	зерттелініп отырған тақырып бойынша ұжымдық талқылау мәселелеріне қатысу	ды, заттарды, жеке тұлғалар)	негізінде формада бойынша ұсыну
0.1.2.4 бақылауды жүргізу барысында қысқа диалогтарға қатысу	1.1.2.4 өткізілген бақылау немесе экспериментті өткізу немесе талқылау барысында диалогқа қатысу немесе тындау	2.1.2.4 барлық сабақ бойы эксперимент немесе бақылауды жүргізу барысында сыныптарстарымен және ересектермен өзара әрекет етуі мен бірлесе жұмыс жасауы	3.1.2.4 сабақта коммуникацияның міндеттері мен шарттарына сәйкес жеткілікті дәрежеде толықтықпен нақтылықпен бақылау мен эксперимент жүргізу кезінде өз ойын жеткізу	4.1.2.4 жеке және топтық тапсырмаларды орындауда сыныптастары мен мұғалімдері мен бірлеске жұмысты жопарлау, топтың әр мүшесінің мақсаты мен функциясын анықтай алуы мен топта өзара әрекет ету тәсілдері	

2) «Тірі табиғат» бөлімі:  
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Өсімдіктер	0.2.1.1 түрлі мезгілдегі өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын білу (күзде жапырақтар сарғаяды, қыста жапырақтар болмайды, көктемде бүршіктер пайда болып, жазда өнім береді)	1.2.1.1 өсімдіктер өмірінің негізгі сипаттамаларын (өсуі, қоректенуі, тыныс алуы, көбеюі) және олардың өмірлік формаларын (ағаш, бұтақ, шөп) анықтау	2.2.1.1 түрлі жағдайда өсімдіктердің өсу мүмкіндігін зерттеу	3.2.1.1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттегіні бөлуін қолжетімді деңгейде түсіну мен түсіндіру	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау
	0.2.1.2 өсімдіктердің негізгі топтарын (ағаш, бұтақ, шөп) ажырату мен көрнекілікке сүйене отырып оларды атау	1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату (тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, ұрық, дән)	2.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау	3.2.1.2 қоршаған ортаның түрлі жағдайларына өсімдіктердің бейімдеудің тәсілдерін қолжетімді деңгейде түсіну мен түсіндіру (жылу, жарық, ылғал)	4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін қолжетімді деңгейде сипаттау
	0.2.1.3	1.2.1.3	2.2.1.3	3.2.1.3 өз	4.2.1.3

	мұғалімнің ұйымдастырушы көмегі арқылы бөлме өсімдіктерінің өсімдіктердің өзге түрлерінен ажырату	жабайы және мәдени өсімдіктерді ажырату	өсімдіктерді мекен ету ортасы мен ортаның әртүрлі жағдайларына (ылғал) бейімделу тәсілдерін салыстыру	аймағының табиғи қауымдастығын қолжетімді деңгейде сипаттау	төменгі және жоғарғы өсімдіктерді ажырату
	0.2.1.4 өсімдіктердің өмір сүруі үшін жағдайларды білу	1.2.1.4 өсімдіктердің өмір сүруі үшін жағдайларды зерттеу	2.2.1.4 өз аймағының өсімдіктер тобындағы маусымдық өзгерістерді сипаттау	3.2.1.4 адамзаттың тіршілік іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін қолжетімді деңгейде түсіндіру	4.2.1.4 тұқымның таралу тәсілдерін қолжетімді деңгейде түсіндіру
	0.2.1.5 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегімен мәдени өсімдіктерге күтім жасаудың тәсілдерін сипаттау	1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасаудың тәсілдерін сипаттау	2.2.1.5 топырақты баптау мен өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру	3.2.1.5 Қызыл кітаптың сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы рөлін анықтау	4.2.1.5 өсімдіктерді қорғау әдістерін ұсыну
	0.2.1.6 мұғалімнің сұрақтары	1.2.1.6 мұғалімнің ұйымдасты	2.2.1.6 сюжеттік суреттер	3.2.1.6 өсімдіктердің өмірі	4.2.1.6 берілген тақырып

	арқылы өсімдіктер туралы жай сөйлемдерді құрастыру	ру көмегімен өсімдітер өмірі туралы сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру	сериясы немесе тірек сөздерін, өсімдіктер өмірі туралы жаратылыс тану тақырыптары бойынша жаңа сөздерді дұрыс қолдана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру	туралы 3-5 сөйлемнен тұратын толық жауап беру, қосымша сипаттай отырып, өзінің сөйлеу тілінде өсімдіктердің белгілерін сипаттайтын сөздерді қолдану	бойынша өсімдіктер туралы жеке тәжірибесіне сүйене отырып, нақты және абстрактілі мағынадағы меңгерілген сөздерді белсенді қолдана отырып, және пайымдауын тұжырымдау элементімен толықтыра отырып, әңгіме құру
2.2 Жануарлар	0.2.2.1 түрлі маусымдағы жабайы жануарлармен құстар өмірінің негізгі белгілерін білу және олар туралы көрнекіліктерге сүйене отырып айту	1.2.2.1 өсімдіктермен жануарларды салыстыру, көрнекіліктерді қолдана отырып (қоректенеді, өседі, көбейеді және орын алмасады), олардың ұқсастықта	2.2.2.1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: жәндіктер, балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер;	3.2.2.1 жануарлардың «омыртқалы» және «омыртқасыздар» топтары бойынша жіктеу;	4.2.2.1 өз аймағының жануарларын жіктеу



		р мен айырмашылықтаны салыстыру			
0.2.2.2 үй жануарлары, құстар мен олардың төлдерін атау, көрнектіліктерді қолдана отырып, олардың өмір сүру ортасын білу мен атау	1.2.2.2 көрнектіліктерді қолдана отырып, жабайы және үй жануарларын ажырату	2.2.2.2 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделуін қолжетімді деңгейде сипаттау: суда, ауада, жерде	3.2.2.2 жануарлардың тіршілік ортасына байланысты ажырату: суда, құрлықта, топырақта және өмір сүру ортасы ретінде өзге жануарлардың денесінде өмір сүретін	4.2.2.2 өсімдік қоректі және жыртқыш жануарларды ажырату	
0.2.2.3 түрлі мезгілдегі жәндіктердің (көбелектер) негізгі өмір сүру белгілерін білу, оларды көрнектілікке сүйене отырып, атау	1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру	2.2.2.3 жануарлардың көбеюін қолжетімді деңгейде түсіндіру	3.2.2.3 жануарлардың табиғатқа қарым - қатынас типтерін сипаттау: селбесу, арамтамақтық, нейтральдылық	4.2.2.3 жәндіктердің өмір циклін қолжетімді деңгейде сипаттау	
0.2.2.4 көрнектіліктерді қолдана отырып жәндіктерді	1.2.2.4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың	2.2.2.4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың	3.2.2.4 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара	4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру	

	і (көбелек, құмырсқа, ара) ажырату мен атау	маңыздылығын түсінду	маңыздылығын түсіндіру	байланысты зерттеу	
	0.2.2.5 жануарлардың өмір сүру әрекетіне климаттың ықпалын қолжетімді деңгейде түсіну (қоянның түлеуі, аюдың ұйықтауы)	1.2.2.5 жануарлардың тіршілік ортасын сақтаудың маңыздылығын түсіну (жабайы жануарлардың балаларына тиіспеу, ұяларын бұзбау)	2.2.2.5 жануарлардың тіршілік ортасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру	3.2.2.5 тіршілік ортасындағы өзгерістерге байланысты жануарлар санының өзгеруін қолжетімді деңгейде түсіндіру; (өрт, су басу, құрғақшылық)	4.2.2.5 қоректік тізбектің құрылымын қолжетімді деңгейде түсіндіру мен белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбектердің модельдерін құрастыру
	0.2.2.6 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегімен үй жануарлары мен жабайы жануарлар арасындағы өзара байланысты білу	0.2.2.6 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегімен үй жануарлары мен жабайы жануарлар арасындағы өзара байланысты түсіну	2.2.2.6 жануарлар санының азаюына ықпал ететін адамның іс-әрекет түрлерін білу	3.2.2.6 жануарлар санының азаюына ықпал ететін адамның іс-әрекет түрлерін анықтау	4.2.2.6 жойылу шегінде тұрған жануарларға мысалдар келтіру және ұлттық саябақтар мен қорықтардың құрудың мақсатын қолжетімді түрде түсіндіру
	0.2.2.7 мұғалімнің сұрақтары	1.2.2.7 мұғалімнің ұйымдасты	2.2.2.7 жануарлар өмірі	3.2.2.7 қосымша материалда	4.2.2.7 зерттелініп отырған

	бойынша жануарларға, құстар мен жәндікерге сипаттама құруы	рылған көмегімен зерттелініп отырған тақырып туралы сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыру	туралы зерттелініп отырған тақырып бойынша тірек сөздерге сүйене отырып, 3 - 5 сериялы суреттер бойынша көлемі 25-30 сөзден тұратын әңгіме құрастыру	рды қолдана отырып, немесе жеке бақылаулар мен көзқарастары негізінде жануарлар өмірі тақырыбы бойынша көлемі 35-40 сөзден тұратын уәждеме құрастыру	тақырып бойынша жеке тәжірибеден жануарлар туралы әңгіме құрастыру
2.3 Адам	0.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және ажырату, оларды көрнекіліктерге сүйене отырып атау	1.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және олардың қызметтерін атау	2.2.3.1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау	3.2.3.1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау	4.2.3.1 зәр шығару жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін қолжетімді деңгейде сипаттау
	0.2.3.2 білім алушының өсіп келе жатқан ағзасы үшін күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын түсіну	1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау	2.2.3.2 дұрыс сымбатты сақтаудың маңыздылығын қолжетімді деңгейде түсіндіру	3.2.3.2 өмір сүру үшін энергияны алуда асқорыту жүйесінің рөлін қолжетімді деңгейде сипаттау	4.2.3.2 жүйке жүйесі және оның адам ағзасындағы рөлін қолжетімді деңгейде сипаттау

	0.2.3.3 білім алушының өсіп келе жатқан ағзасы үшін пайдалы тағамды қабылдаудың маңыздылығын түсіну	1.2.3.3 адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттілікті ерді анықтау	2.2.3.3 бұлшық ет қысқаруының қозғалыс үшін рөлін қолжетімді деңгейде түсіндіру	3.2.3.3 тыныс алу жүйесі және оның адам ағзасындағы рөлін қолжетімді деңгейде сипаттау	4.2.3.3 адамның өмірі мен әрекеті туралы еркін әңгіме жүргізу
	0.2.3.4 мұғалімнің ұымдастырушы көмегімен және көрнекіліктерге сүйене отырып, жеке гигиена ережелерін сақтаудың маңыздылығын білу	1.2.3.4 мұғалімнің ұымдастырушы көмегімен және көрнекіліктерге сүйене отырып, жеке гигиена ережелерін сақтаудың маңыздылығын қолжетімді деңгейде түсіндіру	2.2.3.4 денсаулықты сақтаудағы жеке гигиенаның рөлін анықтау	3.2.3.4 қан айналым жүйесінің адам ағзасындағы рөлін қолжетімді деңгейде сипаттау	4.2.3.4 зерттелініп отырған тақырып бойынша жеке тәжірибе негізінде адам туралы әңгіме құрастыру
	0.2.3.5 адам бет мүшелерін, гигиена заттарын атау	1.2.3.5 өз дене мүшесінің сызбасына бейімделу	2.2.3.5 тістерді күтудің денсаулықты сақтаудағы маңызын анықтау	3.2.3.5 адам ағзасының аурулар мен инфекциялардан қорғану әдіс-тәсілдерін қолжетімді	4.2.3.5 ойларын пайымдау элементтерімен толықтыру

				деңгейде түсіндіру	
	0.2.3.6 көрнекілікт ер мен жеке тәжірибеге сүйене отырып, қолжетімді модельдің фразасын қолдана отырып, сұрақтарға нақты жауаптар беру	1.2.3.6 мұғалімінің ұйымдастырушы көмегімен адам туралы сюжеттік суреттерге сүйене отырып, 3-5 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыру (15-20 сөз)	2.2.3.6 «Адам» тақырыбы бойынша жаңа сөздіктерді жағдайларда орынды қолдану	3.2.3.6 адам ағзасының аурулар мен инфекциялардан қорғану әдіс-тәсілдерін сипаттайтын сөздерді өзінің сөйлеу тілінде белсенді қолдану	4.2.3.6 «Адам денесінің мүшелері» тақырыбы бойынша тура және ауыспалы мағынадағы ойларды өзінің сөйлеу тілінде белсенді қолдану

3) «Заттар және олардың қасиеттері» бөлімі:  
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Заттардың типтері	0.3.1.1 заттарды бақылау (ауа, су, топырақ, құм, мақта)	1.3.1.1 табиғи (шынайы) заттарды білу	2.3.1.1 табиғи және жасанды заттардың арасындағы айырмашылықтарды түсіну	3.3.1.1 заттардың пайда болуы туралы айту (табиғи, жасанды)	4.3.1.1 заттардың олардың қасиеттерін е байланысты қолдану аясын анықтау
	0.3.1.2 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегі мен көрнекілік	1.3.1.2 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегі мен көрнекілік	2.3.1.2 адам өміріндегі түрлі заттардың ролін	3.3.1.2 заттарды пайда болуы және агрегаттық күйі	4.3.1.2 құрастырылған эксперимент жоспарына

	терге сүйене отырып, заттардың арасындағы айырмашылықтарды танып білу	терге сүйене отырып, заттардың өзара айырмашылықтарын қолжетімді деңгейде түсіндіру	анықтау	бойынша жіктеу	сәйкес затты алу
	0.3.1.3 заттар туралы қысқа диалогтарға қатысу	1.3.1.3 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегімен және сюжеттік суреттер арқылы таиғаттағы табиғи заттар туралы әңгіме құрастыру	2.3.2.3 көрнекілік тер мен сөздерге сүйене отырып, табиғи және жасанды заттар туралы әңгіме құрастыру	3.3.1.3 жеке бақылаулары мен әсерлері негізінде немесе қосымша әдебиеттер материалдарын қолдана отырып, тақырып бойынша заттардың типтері туралы көлемі 30-45 сөзден тұратын сөйлеммен өз ойын құрастыру	4.3.1.3 атқарылған жұмыстың нәтижесін өз бетінше түсіндіру және заттардың қасиеттері туралы ойымен диалогын пайымдау элементтері мен толықтыру
3.2 Ауа	0.3.2.1 адам өмірі үшін таза ауаны сақтау қажеттілігін түсіну	1.3.2.1 ауаның негізгі белгілерін білу, оларды көрнекілік тер мен жеке	2.3.2.1 біздің планетамыз үшін ауаның маңыздылығын қолжетімді түрде	3.3.2.1 ауаның құрамын қолжетімді деңгейде сипаттау	4.3.2.1 адам өмірінің әртүрлі саласында ауаны пайдаланудың тәсілдерін анықтау

		тәжірибеге сүйене отырып атау	түсіндіру		және желдің пайдасы мен зиянына мысал келтіру
	0.3.2.2 ауаның кейбір қасиеттері н білу (агрегаттық күйі, түсі, иісі)	1.3.2.2 мұғалімнің ұйымдастырушы көмегі мен көрнекілік терге сүйене отырып, ауа туралы әңгімелеу	2.3.2.2 ауаның жылу өткізгіштігі мен кеңістікті толтыру қасиетін зерттеу	3.3.2.2 жануға ауаның ықпалын қолжетімді деңгейде сипаттау	4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау мен ауаның тазалығын сақтау тәсілдерін және оны тазарту шараларын ұсыну
	0.3.2.3 ауа туралы сұрақтар бойынша қысқа диалогтар құру	1.3.2.3 ауа туралы лексиканы мағына сәйкесінше қолдану	2.3.2.3 «Ауа» тақырыбы бойынша жаңа сөздіктерді жағдаяттарға сәйкес орынды қолдану	3.3.2.3 «ауа» тақырыбы бойынша нақты және абстрактілі мағынадағы меңгерілген сөздерді өзінің сөйлеу тілінде белсенді қолдану	4.3.2.3 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру
3.3 Су	0.3.3.1 адам өмірі үшін таза суды сақтаудың қажеттілігін түсіну, және ол туралы мұғалімінің	1.3.3.1 көрнекілік терге сүйене отырып, түрлі жағдайдағы күйлерін білу мен атау:	2.3.3.1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы	3.3.3.1 судың тірі ағзаларда және өлі табиғатта кездесетінін қолжетімді деңгейде түсіндіру	4.3.3.1 судың табиғаттағы айналымын сипаттау

	ұйымдастырылған көмегі мен көрнекіліктерге сүйене отырып, әңгімелеу	сұйық, қатты, газ	);		
0.3.3.2	суды үнемдеудің маңыздылығын танып білу (қорғау, лаптамау), және ол туралы мұғалімнің ұйымдастырылған көмегі мен көрнекіліктерге сүйене отырып әңгімелеу	1.3.3.2 суды үнемдеудің маңыздылығын түсіну, ол туралы көрнекілікпен мұғалімнің ұйымдастырушы көмегіне сүйене отырып әңгімелеу	2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу	3.3.3.2 судың негізгі табиғи көздерін салыстыру	4.3.3.2 атмосфералық жауын-шашынның түзілу процесін қолжетімді деңгейде сипаттау
0.3.3.3	жазда су қоймаларындағы ережелерді сақтау туралы жалпы түсініктерінің болуы мен олар туралы мұғалімнің	1.3.3.3 қыста су қоймаларындағы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіну мен олар туралы мұғалімнің ұйымдастырушы	2.3.3.3 судың табиғи көздерін анықтау	3.3.3.3 ауыз суды қолдануда ұқыптылық танытудың қажеттілігін қолжетімді деңгейде түсіндіру	4.3.3.3 суды ластандыру көздерін және түрлі ағзалар үшін суды ластандырудың салдарын анықтау



	ұйымдастырушы көмегі мен көрнекілік терге сүйене отырып әңгімелеу	көмегі мен көрнекілік терге сүйене отырып әңгімелеу			
	0.3.3.4 адам өмірінде судың маңыздылығы туралы жалпы түсініктерінің болуы (тамақтану, кір жуу, жуыну)	1.3.3.4 адам өмірі үшін судың маңыздылығын түсіндіру (шөлдеу, құрғау)	2.3.3.4 тағамға тазартылған суды қолданудың маңыздылығын түсіну	3.3.3.4 суды тазартудың түрлі тәсілдерін және суды тазартуға арналған фильтрдің өз моделін ұсыну	4.3.3.4 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу
	0.3.3.5 су туралы қысқа диалогтарға қатысу	1.3.3.5 су туралы тақырып бойынша лексикаларды белсенді мағыналық сәйкесінше қолдану	2.3.3.5 көрнекіліктер мен сөздерге сүйене отырып, атқарылған жұмыс материалдары негізінде әңгіме құрастыру	3.3.3.5 қосымша сипаттай отырып, 3-5 сөйлеммен толық жауап беру	4.3.3.5 зерттелінген тақырып бойына су туралы жеке тәжірибеге сүйене отырып, әңгіме құрастыру
3.4 Табиғат ресурстары	0.3.4.1 адам өмірінің тіршілік көзі ретінде табиғатты бақылау	0.3.4.1 табиғат күшін көрнекілік терге сүйене отырып, білу және	2.3.4.1 табиғи ресурстардың қызметін анықтау (табиғи және	3.3.4.1 кейбір ағзалардың тіршілігі үшін топырақтың рөлін түсіндіру	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, балшық, мұнай,

	(су, ауа болмаса, тіршілік жойылады )	атау (су ағысы, желдің күші)	антропогендік		гранит, көмір) қолданылу саласын анықтау
0.3.4.2	табиғатқа деген ұқыптылық қатынасының маңыздылығын түсіну (демалыс кезінде қоқыс қалдырмау)	0.3.4.2 адам тарапынан табиғат күштерін қолдану туралы білу (кемелерді жүргізу, жел диірмені)	2.3.4.2 табиғи ресурстарды генезисі бойынша жіктеу (табиғи және антропогендік);	3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (топырақ, құм, балшық, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа)	4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбаларының кен орындарын картадан көрсету
0.3.4.3	тағам, киім, тұрғын үй туралы қысқа диалогтарға қатысу	0.3.4.3 адамзат дамуында табиғат күштерін қолданудың маңыздылығын түсіну (прогресс)	2.3.4.3 табиғи және антропогендік ресурстардың өзара байланысын түсіндіру (жемістер-сорпа, қой-жүн)	3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау мен топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу	4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтаудың және тиімді қолданудың жолдарын ұсыну
0.3.4.4	табиғат туралы сұрақтарға нақты және толық жауап беру	0.3.4.4 табиғат күштері туралы тақырып бойынша лексиканы мағына сәйкесінше қолдану	2.3.4.4 жауапты ресурстарды сипаттау элементтерімен толықтыру	3.3.4.4 ойларын пайымдау элементтері мен толықтыру	4.3.4.4 зерттеу жұмысын жүргізгеннен кейін сипаттау және пайымдау арқылы қорытындыс

					ын 2-3 сөйлеммен құрылымдау
--	--	--	--	--	-----------------------------

4) «Жер және Ғарыш» бөлімі:  
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Жер	0.4.1.1 Жердің пішінін оның моделі негізінде тану	1.4.1.1 Жердің пішінін білу және атау	2.4.1.1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру	3.4.1.1 Жер сфераларын қолжетімді деңгейде түсіндіру және графиктік кескіндеу	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау
